Шыңғыс АЙТМАТОВ

АСҚАҚ ҮНДІ, АЛЫП АҚЫН

Мен Жамбыл жайында жар сала ой толғағым келеді. Жиырмасыншы ғасырымыздың аса әйгілі ақыны шын мәнінде аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де, асқақ үні — бір ғана қазақ халқы емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр. Мен бұл пікірді бар сеніміммен айтамын. Өйткені Жамбылдың өмірі мен ақындық шығармашылығы көрші әрі оған әрдайым етене жақын қырғыз халқымен өте тығыз байланысты қалыптасқан-ды.

Әрбір халықтың шежіресінде тұтас дәуірді қамтитын есімдер болады. Ұлы Жамбыл өзінің жыршылық өнерімен екі дәуірді басынан өткерді. Ол өз халқының ежелгі ауызекі жыраулық өнерінің арқауын ыдыратпай осы жаңа заманға жеткізді. Жеткізгенде де жаңартып, жаңғыртып бұрынғыдан да зор әуен-сазбен байытты. Осындай жаңа дәуірде, профессионалды жазба әдебиеті қауырт өркендеген кезде, ертедегі ауызекі жыраулық дәстүрде жырлайтын ақынның шығуы мүмкін емес-ті. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Әрбір халықтың өзі тудырған қазынасы өшпек емес. Халық Жамбыл сияқты ақын-жыршылардың, көркем сөз зергерлерінің мұрасын мұқият сақтайды, оны ілгері дамытады және моральдық-эстетикалық дәстүрлердің қорына айналдырады. Халықтың күші, міне, осында. Сондықтан да ол Жамбыл сынды дарынды таланттарды дүниеге келтіреді. Жамбыл жалғыз емес. Оның соңынан ерген ақын, жыршы, тетелес замандастары бар.

Жамбылды солардың арасынан бөліп ерекше алатын себебіміз — оның жыраулық дарынының шын мәнінде ұлы болғанында, ең бастысы Жамбыл арқылы халық поэзиясы жаңа өмір, советтік құрылыс туралы, Отан, партия жөнінде өзінің жарқын да, шынайы сөзін айтты. Халықтар достығы, советтік патриотизм, интернационализм тақырыбын биік шыңға көтере жырлады. Ауызекі поэзияның көне дәстүріне сүйене отырып, Жамбыл және оның қазақ-қырғыз замандастары шын мәнінде жаңару құбылысын, яғни совет кезінің ақындық дәстүрін туғызды. Егер осыған ой сала қарасақ, мұндай құбылысты — тарихи маңызы бар жайттар дер едім.

Менің ойымша, міне, дәл осы тарихи жағдай 30-40 жылдарда халық ауыз әдебиетінің шарықтап дами бастауын белгілеп берді және Жамбыл тәрізді жыр алыптарын өз толқынымен жарқыратып көрсетті. Қазақтар мен қырғыздар арасында оған дейін де ірі ақындар болған. Оның ішінде Жамбылдың өзі де ғұмырының жартысынан астамын Октябрь революциясына дейінгі заманда өткізді. Бірақ патша өкіметі қазақ, қырғыз жерінен өзіне мұндай жыршыны таба алмады. Және ол халық әдебиетін өз

кәдесіне жарата алмады. Ақындар патшаны мадақтап жырламады. Қайта сынап, келемеж қылды. Жоқтың аты жоқ. Сөйтіп, халық бұқарасы осы арқылы жат атаулының, өзіне қолайсыздық атаулының бәрін аулақ серпіп тастады.

Жамбыл — мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлең-жырды табан астында суырып салып төгіп айту — жұрттың айтқанындай ең жоғары мәртебелі өнер. Тек күшті және өзіне мықты сенген, айтар ойын өлеңмен жатқа төгетін, ақындық шабыты шалқыған майталман өнерпаз ғана солай жырлайды. Өткендегі тәжірибені нақ осы шақтағы тарихы және философиялық, психологиялық тұрғысынан бейнелеп жырлауға шебердің шебері, дарынның дарыны ғана тәуекел ете алады.

Импровизаторлық өнердің «сиқырлы» күш-қуатының өзі осында ғой. Сондықтан да бізде өнер адамының ең асқар шыңын ақындық жырлау шеберлігі деседі. Міне, Жамбыл осындай құдіретті, қуатты ақын еді.

Ол — бар сәттегі ақындық үйлесім өнердің нағыз дарынын өн бойына жинаған асқақ үнді алып ақын. Ол бүгінгі туралы, көзімен көргендері жөнінде, сол құбылыстар туралы айта отырып, оған тарихи мән бере білді. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Қазіргі Жамбылдың жыршылық дәстүрінің біздер үшін зор творчестволық, эстетикалық маңызы бар. Оның мәнісі, менің ойымша, мынада: екі дәуірді басынан кешірген Жамбыл қазіргі халық поэзиясындағы жаңа сапа мен ежелгі эпостың бейнелеу құралдарын шебер пайдалана білді. Сөйтіп ол совет халқын социализм орнатушы кейпінде жырлады.

Міне, бұл тәсіл Жамбыл сынды суреткердің өзіндік жаңалығы еді. Оның шығармашылығындағы ең басты қасиеттің бірі осы деп білемін. Жамбыл поэзиясының тағы бір ерекше қасиеті — кешегі көшпелі халықтың бүгінгі коллективтік парасатты өзгерістерін шебер суреттеп жырлауында. Оның өлең-жырларының орыс әдебиеті және дүние жүзілік әдебиеттен сусындаған қазіргі суреткерлердің дара ерекшелігімен ұштасып жатуында. Осы күрделі қайнар бұлақтардың социализм жағдайында біте қайнасып қосылуы бүгінгі суреткерлік ойға нәр береді.

Сондықтан біз былай дейміз: Жамбылдың және онымен бауырлас, үзеңгілес ақындардың ақындық шабыты шарықтап, атақ, даңқы арта берсін! Олар жаңа атаулыдан бойын аулақ салған жоқ. Қайта өткенге көз салып, оны өзінше жандандыру үшін, тарихтан халыққа қажетті игілікті табу үшін алға талпынды, оған олардың құдіреті жетті. Шын мәніндегі Лениндік дана ұлт саясаты бұрыңғы ақындық дәстүрді жаңаша жандандырды. Бұған Жамбыл ақын куә. Бұл осы саясаттың даналығы мен көрегендігі болса керек.

Осыған байланысты мен жас ұрпақтарымызды өткендегі дәстүрлі

мұраны құрметтеу рухында тәрбиелеу қажет деп ойлаймын. Бұдан біз қоғамымыздың гуманизмін, адамгершілігін, интернационализмінің жарқын көрінісін танимыз. Оны біз мәдени және әлеуметтік қайта құрылыстарды сипаттайтын мәнді құбылыстар ретінде атаймыз. Дәуіріміздің ұлы жырауы Жамбыл Жабаев бүгінгі таңда да құлшына жырлап бәрімізбен бірге заманымызға үн қосып отыр. Ол мәңгі тірі, бізбен бірге жасай береді.